



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 31/623

02 августа 2019 года

# Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

Акция!

Приозерскіге 63 жыл

## ЭКОЧЕЛЛЕНДЖ #BIRGE#TAZAQAZAQSTAN

Ағымдағы жылдың 27 шілдесінде республикалық экочеллендж #Birge#TazaQazaqstan Приозерск қаласында өз жалғасын тапты.

дері, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдаратсалысты. Қатысқан адамдардың саны 748. Балқаш көлінің жағалауын тазарту барысында 44 м3 қоқыс шығарылып, 7



Аталған челлендже белсенді қала тұрғындары, «Жасыл ел» еңбек жасақтары, шағын және орта бизнес өкілдері, Приозерск гарнизонының әскери бөлім-

арнайы техника жұмылдырылды және 18 дана қоқыс контейнерлері орнатылды.

**Челленджеге қатысқан барлықтарыңызға зор алғыс білдіреміз!**



27 июля текущего года республиканская акция “Экочеллендж #Birge #TazaQazaqstan” была проведена в городе Приозерск.

В данном челлендже приняли участие бойцы трудовых отрядов «Жасыл ел», активные жители города, волонтеры, представители малого и среднего бизнеса, воинские части Приозерского гарнизона,

государственные учреждения и организации. Количество участвующих 748 чел.

В ходе очистки побережья озера Балхаш вывезено 44 м3 мусора, задействовано 7 единиц спецтехники и установлено 18 единиц мусорных контейнеров.

**Выражаем большую благодарность всем участвующим челленджа!!!**



## ҚАЛА КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Зымырап өтіп жатқан уақыт-сыншының құрығынан құтылу адамзаттың пешенесіне жазылмаған. Қалай дегенмен де, әрбір артта қалған уақыт пен мезгілдің еншісіне бүгінгі тарихымыз бен жасаған жақсы амалдарымыз, істеген өнегелі істеріміз ғана жазылмақ. Сондықтанда, жыл айналып келіп отыратын әрбір мереке-думанды қала тұрғындары ұйымшылдықпен, биік дәрежеде өткеріп отырса нұр үстіне нұр болмақ. Өйткені бұндай жақсы істер ертең біздің ұрпақтарымыз көріп, тамашалайтын тарихи жәдігер болып қалатыны анық.

Әу бастағы атауы – Қоржынтүбек аталған біздің Приозерск қаласына көшіп келіп, тіршілік жасап жатқанымызға аттай 24 жыл болса, биыл Қазақстанның жауһар көлдерінің бірі саналатын Балқаш көлінің



тік бағдарлама ретінде өз деңгейінде өтті.

Көптеп жиналған қала тұрғындарына аталған мерекелік ісшарада облысымыздан келген жас өнерпаздар ән-биден тарту




жағасында орналасқан әсем де көрікті қаламыз Приозерскіге 63 жыл толып отыр екен. Үстіміздегі жылдың шілде айының 27-

жасап, жиналған қала тұрғындарының көңілдерін көтерді.

Қала күніне арналған мерекелік ісшара



жұлдызында Приозерск қаласының 63 жылдық мерейтойы қала әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып, өткерілді. Қала күніне орай жопарланған мерекелік ісшара қаланың орталық алаңында мерекелік-концерт-



отшашумен жалғасын тауып, мереке қала жастарының би кешімен аяқталды.

**Н. АЛТЫНБАЙҰЛЫ.**

*Суреттерде: мерекелік ісшарадан көріністер.*





## Цифрлық Қазақстан

## КӨРСЕТИЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ӘРДАЙЫМ СІЗБЕН БІРГЕ

Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап-ақ өмірінің алғашқы күндері мемлекеттік көрсетілетін қызметтермен тағдыры тоғысады екен ғой.

Бұлай дейтін себебіміз, сәби дүниеге келгеннен-ақ ата-анасы бала тууды тіркеу, бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау, мектепке дейінгі балалар ұйымдарына балаларды кезекке қою деген сияқты алуан түрлі мемлекеттік қызмет түрлерін алып, тиісті құжаттарын ресімдейді.

Бүгінгі таңда «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында «Мемлекет-азаматтарға» қағидаты негізінде, яғни азамат емес, мемлекет, азаматтардың қажеттіліктерін алдын-ала түсініп, мекемелерге олардың баруының қажеттілігінсіз мемлекеттік қызметтер көрсету


көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайтуға қол жеткізу және 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуі қажеттігі тапсырылған.

Межелеп қойған мақсатқа жету жолында мемлекеттік органдар тарапынан бірқатар жедел шаралар қабылдануда.

Атап айтсақ, оның бір мысалы қолданысқа енген композиттік қызметтер, яғни бір өтініш негізінде электрондық нысанда көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынтығы.

Қазіргі уақытта осындай нысанда оннан астам композиттік қызметтер тұрғындарға қолжетімді.

Бұған қоса, Telegram мессенджері түрлі



үшін олармен байланысатын, басқарудың жаңа моделі іске асырылуда.

Себебі, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың негізгі бағытының бірі – «Цифрлық мемлекетке көшу», яғни тұрғындардың қажеттіліктерін күні бұрын біліп халыққа қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру болып табылады.

Бұл ретте, кез келген уақытта, кез келген орында және кез келген құрылымда (байланыс орталығы, веб-портал, зияткерлік мессенджерлер, мобильді қосымшалар, SMS-хабарламалар) ақпарат пен қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірнәрсені қызмет көрсету моделін іске асыру үшін шашыраңқы ақпараттық жүйелер мен арналарды біріктіру жүргізілуде.

Бұған жарқын мысал ретінде, қызмет алушының тікелей мемлекеттік мекемелерге баруынсыз, қатысуынсыз көрсетілетін «Бала туу» проактивті қызметін айт-пасақ болмайды.

Бұл проактивті қызмет арқылы ата-ана жаңа туған нәрестеге ат бере алады, туу туралы куәлікке өтініш бере алады, балабақшаға кезекке қоя алады, біржолғы төлем сомасын біле алады, тұрғылықты жері бойынша тіркей алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауында

онлайн-қызметтерді алу үшін ыңғайлы арнаға айналды.

2018 жылғы мамыр айында @EgovKzBot – электрондық үкімет порталы боты іске қосылды. Бүгінгі күні бот арқылы мекенжай анықтамасы, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүліктің болуы немесе болмауы туралы, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы, наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулез диспансерінен анықтамалар алу сияқты тағы да басқа отызға жуық қызметтер мен сервистерді алу мүмкіндігі бар.

Қазіргі цифрлық даму ғасырында аққан жұлдыздай сырғып бара жатқан адамзаттың ең басты құнды валютасы болып уақыт саналады.

Осындай жеделдік пен шапшаңдықты талап ететін дәуірде, «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген халық даналығын ескере отырып, көштен қалмай үрдіске ілескен жөн демекпіз.

Сондықтан да, «Өзіңнен баста» ұстанымын негізге ала отырып, өзіңіздің алтын уақыттарыңызды үнемдеу мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мейлінше «электрондық үкімет порталы», мобильді қосымшалар және мессенджерлер арқылы алуға шақырамыз.

**ЖАНСЕРІК БҰРХАНҰЛЫ ЖҮНІС,**  
Мемлекеттік қызмет істері  
Агенттігінің Қарағанды облысы  
бойынша департаментінің  
бас маманы



## ГОСУСЛУГИ В ОБЛАСТИ ВЕТЕРИНАРИИ, СВЯЗАННЫЕ С ЭКСПОРТОМ, ИМПОРТОМ И ТРАНЗИТОМ ПОДКОНТРОЛЬНЫХ ГОСУДАРСТВЕННОМУ ВЕТЕРИНАРНОМУ КОНТРОЛЮ И НАДЗОРУ ГРУЗОВ

В соответствии с подпунктом 1) статьи 10 Закона Республики Казахстан от 15 апреля 2013 года "О государственных услугах" Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 6 мая 2015 года № 7-1/418 утверждены стандарты государственных услуг в сфере ветеринарии, а так же разработаны и утверждены Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 августа 2015 года № 7-1/764 регламенты государственных услуг в области ветеринарии.

Стандартами регламентированы порядок оказания государственной услуги, порядок обжалования решений должностных лиц оказывающих государственные услуги и иные требования по оказанию государственной услуги.

В Регламентах определены описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги, порядка их взаимодействия и порядка взаимодействия с порталом и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги.

Государственное учреждение «Приозерская городская территориальная инспекция Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК» оказывает следующие государственные услуги: «Выдача ветеринарного сертификата на перемещаемые (перевозимые) объекты при экспорте», «Выдача разрешения на экспорт, импорт и транзит перемещаемых (перевозимых) объектов с учетом оценки эпизоотической ситуации на соответствующей территории».

Подачу заявления и получение результата оказания государственной услуги услугодателя могут осуществить через городскую территориальную инспекцию Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК, Государственную корпорацию "Правительство для граждан", а также посредством веб-портала "электронного правительства" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz)

Государственная услуга «Выдача ветеринарного сертификата на перемещаемые (перевозимые) объекты при экспорте» оказывается в течении 3 (трех) рабочих дней со дня сдачи пакета документов услугодателем услугодателю или на портал.

Государственная услуга «Выдача ветеринарного сертификата на перемещаемые (перевозимые) объекты при экспорте» оказывается физическим и юридическим лицам платно, в соответствии с подпунктом 6 пункта 2 статьи 35 Закона Республики Казахстан от 10.07.2002 года «О ветеринарии» (за бланк ветеринарного сертификата). Стоимость бланка от 77,84 тенге до 121,03 тенге в зависимости от формы ветеринарного сертификата.

Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении услугодателя (либо его представителя) к услугодателю: заявление по установленной форме; документ удостоверяющий личность и документ подтверждающий полномочия представителя (для идентификации); при транспортировке продукции и сырья животного происхождения – копия акта экспертизы (протокол испытаний); при перемещении (перевозке) собак и кошек – копия ветеринарного паспорта; при перемещении (перевозке) объектов, перемещаемых (перевезенных) из одной административно-территориальной единицы республики в другую или со сменой владельца перемещаемого (перевозимого) объекта в пределах одной административно-территориальной единицы республики, с целью вывоза в государства-члены ЕЭС или третьи

## Разъяснение специалиста

страны – копия ветеринарной справки; копия документа, подтверждающий оплату за бланк ветеринарного сертификата.

При подаче заявления на портал необходимо прикрепить к заявлению электронные копии выше перечисленных документов.

Государственная услуга "Выдача разрешения на экспорт, импорт и транзит перемещаемых (перевозимых) объектов с учетом оценки эпизоотической ситуации на соответствующей территории"

Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются:

1) Государственной корпорацией "Правительство для граждан" (далее – Государственная корпорация);

2) через веб-портал "электронного правительства" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [elicense.kz](http://elicense.kz) (далее – портал).

Сроки оказания государственной услуги:

- со дня сдачи пакета документов услугодателем в Государственную корпорацию или при обращении на портал:

- на импорт, экспорт перемещаемого (перевозимого) объекта - 4 (четыре) рабочих дня, за исключением разрешений, требующих транзитного согласования со службами других государств на транзитный провоз перемещаемого (перевозимого) объекта – в течение 30 (тридцати) рабочих дней и прохождения карантина живых животных – в течение 60 (шестидесяти) календарных дней;

Перечень документов, необходимых для оказания государственной услуги при обращении услугодателя (либо его представителя):

в Государственную корпорацию:

- заявление по форме, согласно приложению 1 к настоящему стандарту государственной услуги, при экспорте – по месту происхождения (нахождения) перемещаемого (перевозимого) объекта, при импорте – по месту ввоза; документ, удостоверяющий личность и документ, подтверждающий полномочия представителя (для идентификации); копия племенного свидетельства или эквивалентного ему документа на каждую голову животного и племенной продукции (материала), выданного официальным органом страны-экспортера – при импорте племенных животных и племенной продукции (материала) (в случае отсутствия в информационной системе);

на портал: заявление в форме электронного документа, установленной формы, удостоверенного ЭЦП услугодателя; электронная копия племенного свидетельства или эквивалентного ему документа на каждую голову животного и племенной продукции (материала), выданного официальным органом страны-экспортера – при импорте племенных животных и племенной продукции (материала).

Сведения о документе, удостоверяющем личность услугодателя, о регистрации юридического лица, о племенном свидетельстве или эквивалентном ему документе, и услугодатель и работник Государственной корпорации получает из соответствующих государственных информационных систем через шлюз "электронного правительства".

Дополнительную информацию, касающуюся государственных услуг, можно получить по телефону единого контакт-центра по вопросам оказания государственных услуг 1414, либо по адресу: город Приозерск, ул. Пушкина, 16, ГУ «Приозерская городская территориальная инспекция Комитета ветеринарного контроля и надзора МСХ РК», телефон (871039) 5-51-15.

Б.Ж.Калмурзина,  
ГУ «Приозерская городская  
территориальная инспекция  
КВКиН МСХ РК»

## ӨНЕР ТАРЛАНЫН ЕЛІ ЕСКЕ АЛДЫ

Сонау Қызылқұмның Тауелібай топырағындағы Тамды ауданының шалғайдағы ауылында туып-өсіп, ұстаздықта, музыка саласында, сазгерлік пен ақындық өнерде аймаққа танылып, соңында өшпес мұра қалдырған Календар Бисембаевтың есімі бүгінде Қазақстанға да таныла бастаған өнер тарланы десек артық айтқандық емес. Домбыра, кобыз, шаңғауыз секілді ұлттық саз аспаптарында шебер ойнаған дарынды азамат мандолина, гитара, күйсандық пен балалайка сияқты славян халықтарының

Нағыз ұлттық өнердің жанашыры бола білген Календар ағамыздың артында әнде, өлең-жырда қомақты қолтаңбасы қалды. Жепістен асқанда да қолынан мандолинасы мен музыка аспаптарын тастамаған, қаламы мұқалмаған тума талант иесі денсаулығы сыр бергенде, «Жарыққа шыққан туынды-дүниелерімді кітап етіп шығарып, халқыма ұсынып кетсем, арманым болмас еді...», - деп армандайтынын соңғы жылдары дарын иесімен тығыз шығармашылық байланыста болған Өзбекстан мен Қазақстанға кеңінен

Тауелібайға танымал биші Нәписә Балабаева да келді. Сондай-ақ, Көкше өңірінен елге танымал ұстаз және Календар Бисембаевтың талантын жұртқа паш етуде үлкен еңбек сіңірген Әбділла Мірәшімов, Астанадан Надежда Шахарбаева, белгілі дәрігерлер Берекет және Сәнімай Меңлікұловтар, Степногор қаласынан 14-15 жасынан бастап Көкеңнің қасына ере жүріп әншілігін бастаған, кейін дүйім жұртқа көмейіне бұлбұл ұялаған әнші ретінде танылған Бағила Мұратова мен журналист-ақын Полатбек Жанбаев, сонау Рудный шаһарынан Көкең негізін қалаған «Ақ көгершін» ансамблінің белді мүшесі, таланты әнші Марат Тұрғанбаев, Шахтинскіден осы ансамблдің белгілі әншісі болған Қанат секілді іні-қарындастары, Приозерск қаласынан осы жолдардың авторы, журналист-ақын Нұрғали Қарабектегі тағы басқа табынушылары құрметті қонақ болып қатысты және өрен өнерпаз туралы естеліктер айтты, К.Бисембайұлына арнаған өлең-жырларын оқыды.

Өнер тарланына арналған ісшараны журналист-ақын Руза Алдашева жүргізіп отырды. Календар ағамыздың Сыр өңіріне кеңінен танымал, «Бала жырау» атанған Тұрымбет Салқынбайұлының туған жиені екендігін сөз басында жұртшылыққа баяндап өткен ол, концерттік бағдарламаның беташарын Өмірзақ Қожамұратовтың Тамдыға арналған өлеңіне жазылған Көкеңнің әнімен ашты. Теміртау қаласындағы әр ұлттың өкілдерінен құралған және онда Жеңіс Бисембаев әншілік ететін «Магнитка» ансамблі Көкеңнің шығарған және бұрын орындаған әндерін шырқап, жиналғандардың ыстық ықыласы мен қошеметіне бөленді. Марат, Қанат және Мәлік Әбдірейімовтер Календар ағамыздың әндерін жиналғандағы ұсынды. Календар Бисембаевтың шығармаларынан құрастырылған «Ән-Ғұмыр» атты кітаптың тұсауын кесу құрметі Әбділла Мірәшімов пен Бағила Мұратоваға берілді. Аталған кітап жиналғандарға естелік ретінде тегін таратылды. Үш сағатқа жуық уақытқа созылған концерттік-мәдени бағдарламадан соң Теміртау қаласының орталық мешітінде ағамыздың рухына арналып берілген асқа қатысқан жұрттың да қарасы қалың болды. Мұнда да өнер иесі жайлы естеліктер айтылды. Өзінің қайталанбас өнерімен халқын тәнті еткен, өлмес мұрасын артында қалдырған біртуар талантқа арналып құран бағышталды.

Кешкілік Көкеңнің інісі Жеңіс аға мен баласы Ғабиден алыстан ат арытып келген сыйлы қонақтарға арнап қонағасы берді және оларға қазақтың қашаннағы жолы-

### Мәдениет жаңалықтары

мен, ризашылықтарының белгісі ретінде арнайы тарту-таралғы жасады. Көптен бері бірін-бірі көрмеген, сағынысқан өнер иелері



осынау кеште ән мен жырдың тиегін ағытысты. Жалғас Жүсіпов, Бағила Мұратова, Марат пен Қанат інілеріміздің шырқаған әндері мен терме-жырлары алыста қалған жастық шақ пен туған жердің ыстық лебін алып келгендей әсерге бөлендік. Көкеңнің қатысуындағы көптеген қызықты әңгімелердің тиегі ағытылды. Әсіресе, Көкеңмен көп жылдар бойында өнер саласында қызметтес болып, талай гастрольдік сапарларға бірлесіп шыққан Жалғас ағамыз, Бағила мен Нәписә апайлардың айтқан естелік-хикаяларына құлақ түре отырып, бірде рақаттана күлдік, бірде Көкеңді еске алып, мұңайдық. Жұрттың ойында ұзақ уақыт сақталатын осынау әсерлі де тамаша басқосуда көпшілік тарапынан алдағы уақытта Руза Алдашеваның, Жалғас Жүсіповтің және басқа да өнер иелерінің кездесулерін, мәдени-әдеби кештерін Теміртау қаласында ұйымдастырып, өткізіп тұру керек деген бәтуалы ұсыныстар айтылып жатты. Осындай ой-пікірлерге қарап, Көкең арналған ісшараның қалай өткендігін пайымдауға болатын сияқты. Иә, лайым осындай басқосулардан, қуанышты кездесулерден айырмасын, Жаратқан ие!

Сөз соңында, тұңғыш Президент музейінде қызмет ететін жерлестеріміз Дәуірбек Кетебаев пен Қуатбек Мәмбетовтің осы қалада өтіп тұратын мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруда, оны осы ғимаратта өткізу барысында жасап жүрген қызметтерін ерекше атай отырып, Көкеңнің кітабының тұсаукесеріндегі шараға атсалысқан еңбектері үшін де оларға қалың көпшіліктің атынан шынайы алғыс сезімді білдереміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.  
Суреттерде: ісшарадан көріністер.



музыка аспаптарын жетік меңгеріп, орыс халқының әндерін нақышына келтіре шырқаған, осы ұлт өкілдерінің аузын аштырып, таңдайын қақтырған керемет өнер иесі болған. Бір басына ұстаздық, музыканттық, әншілік, сазгерлік, ақындық, шешендік және тарих зерттеушісі, суретшілік секілді асыл қасиеттер дарып, соның бәрін шашу шығармай халыққа жеткізе білген талант иесі жоғарғы оқу орындарында отызға толмаған жасында ұстаздық етіп, негізгі мамандығы тарихтан, орыс тілінен, музыкадан дәріс берген. Білім саласында ұзақ жылдар әдіскер болған, кейін-шегілік аудандық мәдениет үйінде қызмет етіп, аудандағы атақты «Ақтау» ансамбліне басшылық еткен, көркемдік жетекшісі болған ол аудандағы, көршілес жатқан шаруашылықтардағы малшы ауылдарын аралап, өз өнерін паш еткен және ел ішіндегі өнерлі жастарға ұстаздық ете жүріп, олардың өнерін көпшілікке танытуға, шыңдауға ықпал еткен.

танымал ақын қыз Руза Алдашева сағына еске алады. Өнер тарланының осынау асыл арманын жүзеге асыру мақсатында оның туындыларын туған інісі Жеңіс Бисембаев, баласы Ғабиден Календарұлы және ақын Руза Алдашевтар бірлесіп жинастырып, әндерінен, өлеңдерінен, арнаулары мен ол кісі туралы естеліктерінен құралған және Руза Алдашеваның редакторлығымен ідралды кітабы жарыққа шыққан болатын. Осы кітаптың тұсаукесері және өнер иесінің 90 жылдығы қарсаңындағы еске алу асы Қазақстанның Өзбекстандағы жылы аясында биылғы шілде айының 27-жұлдызы күні Теміртау қаласындағы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Елбасының тарихи музейінде аталып өтті. Аталмыш шараға еліміздің түкпір-түкпірінен өнер тарланының көзін көрген, онымен әріптес болған үзегілес іні-қарындастары, өнеріне бас иетін жанкүйер жұртымен бірге сонау Тамды топырағынан ат арытып баяншы әрі жыршы Жалғас Жүсіпов пен

### Мемлекеттік бағдарламаның орындалысы

## ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КЕЗЕҢІНДЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ УАҚЫТША ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУЫ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту» Заңына сәйкес, жазғы

мемлекеттік мекемесіне «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында, 16-18 жас аралығындағы жазғы демалыс кезеңінде студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары қатарынан 29 адам жүгінді. Оның ішінде 19 адам - 2 айлық



демалыс кезеңінде студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу үшін Халықты жұмыспен қамту орталығына тіркеле алады.

2019 жылдың 29 шілде жағдайына «Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық

қоғамдық жұмысқа, жастар тәжірбиесіне - 6 адам жолданды. Жастарды жұмысқа орналастыру бойынша іс-шаралар жалғасуда.

**Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы**

## ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫ

2019 жылдың «Армияда қылмысқа орын жоқ» бағдарламасын іске асыру мақсатында, арналған құқық бұзушылықты алдын алу профилактика бағдарламасының негізінде, 2019 жылдың шілде айында Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицер – уәкілі әділет лейтенанты Ж.А. Урумбетов Приозерск гарнизонының әскери бөлімдерінің барлық санаттағы әскери қызметшілерімен Әскери қызметті атқарудан жалтарту немесе бас тарту, бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету және жұмысқа себепсіз шықпау туралы қылмыс мен құқық бұзушылықты алдын алу іс-шараларын жүргізді.

Іс-шара барысында әскери қызметшілерге әскери қызметті атқарудан жалтарту немесе бас тарту және бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кетіп қылмыс-

тық жауапкершілікке тартылған әскери қызметшілер жайлы әртүрлі деректерді жеткізді. Сонымен бірге, әскери қызметтен жалтартудың зияндылығы туралы мәліметтерді алға тартты. Оларды ерлік, намыс пен қызметтік парызы биік қойып, Отанға сенімділікпен адал қызмет етуге шақырды.



**Ж.А. Урумбетов,**  
Приозерск гарнизоны Әскери полиция бөлімінің анықтау және іздестіру бөлімшесінің офицер-уәкілі, әділет лейтенанты

### Әскери өмірден

## ПРИНУДИТЕЛЬНЫЙ ТРУД НЕЛЕГАЛЬНЫХ ТРУДОВЫХ МИГРАНТОВ И ЭКСПЛУАТАЦИИ ДЕТСКОГО ТРУДА

Трудовая миграция в Казахстане – это стихийный процесс. В нелегальное устройство на работу и торговлю людьми вовлечено огромное количество граждан. Масштабы этой проблемы настолько велики, что требуют создания правовой базы. Однако этот вопрос остается нерешенным в казахстанском законодательстве по сей день.

В последние годы социальная и экономическая обстановка в Казахстане сделала страну своеобразным региональным центром притяжения трудовых мигрантов.

Множество жителей Узбекистана, Кыргызстана и Таджикистана нелегально трудятся на стройках, убирают урожай, торгуют в киосках и на рынках больших и маленьких городов.



Сколько в действительности трудовых мигрантов работают в городе Шымкент и Туркестанской области, точно не знает никто. Мигранты в основном заезжают в Казахстан и пребывают на территории страны не всегда на законном основании. С этими странами у Казахстана, так называемый «безвизовый» режим, поэтому приехать сюда несложно.

Большинство мигрантов заявляет, что ездили в Казахстан на заработки в течение двух и более лет. Другие отметили, что приезжали на заработки только в Казахстан. Это

может быть объяснено тремя взаимозависимыми факторами: экономический рост и улучшение условий жизни в Казахстане в последние несколько лет, экономическая нестабильность в вышеперечисленных странах и растущее число трудовых мигрантов, приезжающих в Казахстан вместе с родственниками и друзьями.

Средний возраст мигрантов, прибывших в Казахстан на заработки, – от 21 до 40 лет. Они вынуждены покидать свои страны, так как не могут конкурировать на местном рынке труда. Чаще всего мигранты не обладают профессиональной квалификацией в той сфере, в которой им приходится работать в Казахстане.

Что мы знаем об эксплуатации детского труда?

Детский труд – это привлечение детей к работе на регулярной основе. В большинстве стран детский труд считается формой эксплуатации и признан незаконным. Как обстоят дела у нас в стране, какие имеются законодательные аспекты детского труда в РК?

Конституция Республики Казахстан определяет право граждан на свободу труда, свободный выбор рода деятельности и профессии и ограничивает возможности привлечения к принудительному труду только по приговору суда либо в условиях чрезвычайного или военного положения. Основными правовыми нормативными актами, определяющими законодательную основу для реализации в стране ратифицированных международных конвенций по детскому труду являются, прежде всего, Трудовой кодекс Республики Казахстан, и Закон «О правах ребенка в Республике Казахстан», а также Кодекс об административных правонарушениях (КоАП) и Уголовный Кодекс (УК), устанавливающие соответствующий административную и

уголовную ответственность за нарушения установленных требований в отношении детского труда.

Трудовой кодекс регулирует трудовые отношения и иные отношения, непосредственно связанные с трудовыми, определяет законодательную основу для защиты прав и интересов детей, как сторон трудовых отношений, устанавливает минимальные гарантии прав и свобод в сфере труда, а также запреты и ограничения в отношении детского труда.



Минимальный возраст для приема на работу в общем случае определен в Трудовом кодексе – 16 лет. Однако с письменного согласия одного из родителей, опекуна, попечителя или усыновителя трудовой договор может быть заключен с гражданами, достигшими 15 лет в случаях получения ими среднего образования в общеобразовательном учебном заведении. При этом установлены исключения для учащихся, достигших 14-летнего возраста, для выполнения работ в свободное от учебы время, и лиц, не достигших 14-летнего возраста, занятых в творческой сфере (в организациях кинематографии, театрах, театральных и концертных организациях, цирках, для участия в создании и (или) исполнении произведений без ущерба здоровью и нравственному развитию). В обоих

### Регулирование трудовых отношений

случаях трудовой договор подписывается одним из родителей, опекуном, попечителем или усыновителем, а выполняемые несовершеннолетним работы не должны причинять вреда их здоровью и нарушать процесс их обучения.

Закон о правах ребенка определяет право каждого ребенка на свободу труда, свободный выбор рода деятельности и профессии. В отношении права ребенка на труд, предусматривается, что оно реализуется в свободное от учебы время при соблюдении условий отсутствия вреда его физическому, нравственному и психическому состоянию ребенка и процессу его обучения. Закон о права ребенка, также и Трудовой кодекс, запрещает привлечение детского труда на тяжелые физические работы и работы с вредными и (или) опасными условиями труда. Наряду с этим установлены запреты на вовлечение детей в занятие проституцией, распространение, рекламирование порнографических материалов и предметов, участие в военных действиях и вооруженных конфликтах, изготовление, продажу наркотических средств, психотропных, сильнодействующих или ядовитых веществ, а также в производство и реализацию алкогольной продукции и табачных изделий.

Детские годы – благоприятный период для развития интеллекта, мотивации к образованию, формирования стремления быть полезным людям, своей стране не только в школе, но и на протяжении всей жизни. Соответственно, политика государства направлена на решение главной задачи – помочь школьникам интеллектуально и духовно состояться, обрести истинные ценности, сохранить честь, совесть, достоинство.

Отдел занятости и социальных программ города Приозерск

### Подводя итоги

## ПОДВЕДЕНЫ ИТОГИ РАБОТЫ СУДА ЗА 6 МЕСЯЦЕВ 2019 ГОДА

В Приозерском городском суде Карагинской области проведена пресс – конференция с участием представителей средств массовой информации по итогам работы суда за 6 месяцев 2019 года.

В пресс – конференции приняли участие: И.о. председателя суда Ахметова Э.Ж., заведующий канцелярией Д.Сатыбалдин, а также представители СМИ – корреспонденты газеты «Приозерский Вестник».

На пресс-конференции был приведен сравнительный анализ за отчетный период 2019 года с аналогичным периодом прошлого года.

За 6 месяцев 2019 года в суд поступило

19 уголовных дел (23 – в 2018 г.), 189 исковых заявлений (в 2018 году – 485 заявлений), а также окончено 195 дел об административных правонарушениях (174 за аналогичный период 2018 года).

Кроме того, представителю СМИ разъяснено, что судом на системной основе ведется разъяснительная работа по дальнейшему развитию альтернативных и иных внесудебных способов урегулирования споров (конфликтов), а также о возможностях внесудебного урегулирования споров и примирительных процедур.

На вопросы присутствовавших представителей СМИ были даны исчерпывающие ответы.

Пресс-служба Приозерского городского суда

### ОБЪЯВЛЕНИЕ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ НЕДВИЖИМОСТЬ

Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.

Возможен торг.

г. Караганда, ( город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м<sup>2</sup>

Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.

Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки

Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

2019 жылғы 11-13 тамыз аралығында «ҚҰБАН АЙТ» мерекесінде құрбандыққа шалатын малдар тек Пройзводственная 6 көшесінде орналасқан ЖК. О.Еспенбетовтың мал сою аландарында ғана рұқсат етіледі.

Қала аумағында, үй-жайлардың аулаларында мал союға рұқсат етілмейді, белгіленбеген орындарда, аулаларда мал сою фактілер анықталған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны туралы ЕСКЕРТЕМІЗ.

ҚР «Ветеринария туралы» Заңының талаптарына сәйкес құрбандыққа шалынатын жануарларда ветеринариялық ілеспе құжаттар болуы міндетті.

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» ММ

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

\*\*\*

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:

ул. Космонавтов, 5-107

Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.

Выходной - Понедельник

\*\*\*\*

Занесите по телефону:

мастера-парикмахеры:

8-775-274-25-87 (Анталей)

8-747-970-25-81 (Карлыгаш).

На маникюр: 8-708-235-35-19

(Анастасия)

Парикмахерская Милолика

Ваша красота - Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 31/623. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041